

Келісілді:

«Ақмола облысы мәдениет
басқармасы» басшысы

А.Б. Сабитова



Бекітілді:

«Көкшетау» МС
МКҚК директоры

А.Н. Курманова



**«ӘДЕПТІ КЕЛІН - ОТБАСЫ ҚӨРКІ»
ЖАС КЕЛІНДЕР АРАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

«Көкшетау» мәдениет сарайының ұйымдастыруымен, Қазақстандағы жұмысшы мамандықтар жылына және ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін, тарихын қадірлейтін «Әдепті келін - отбасы қөркі» атты келіндер байқауы өткізіледі.

Ұлттық бірегейлікті сақтап, мәдениетті дамытуда салт-дәстүрдің маңызы зор. Рухани құндылығымызға айналған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуы, ұлт дамуының негізі екенін айтады. Эр ұлттың өзіндік болмысымен, тарихымен ұндысken ұлттық құндылықтары сақталған. Ал қазақ халқы салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық. Эр заманның өзіне тән салты мен дәстүрі қалыптасқан. Біз атабабамыздың домбырасының үнімен, әсем әуендерімен, жыр дастандарымен жеткізген рухани мұраға бай халықпаз.

Қыз бала бой жетіп, ақ босағадан аттап, бір үйдің, бір әулеттің келіні атануы – өмірдің заңы. Ұлттық тәрбиені өн бойына дарыта алған қыз бала сол әулеттің тұтінін тұтетіп, шаңырағын біектетіп, ауыл-аймаққа қадірлі болып кетеді. Қазақ келіні қашан да отбасындағы ауызбіршіліктің ұйытқысы болған.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «Әдепті келін - отбасы қөркі» жас келіндер арасындағы облыстық байқауы **2025 жылғы 17 наурызда** «Көкшетау» мәдениет сарайында өтеді.
- 1.2 Байқауды ұйымдастыруши Ақмола облысы мәдениет басқармасының жанындағы «Көкшетау» мәдениет сарайы» МКҚК болып табылады.
- 1.3 Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:
 - Отбасылық қатынастарды дамытуға және нығайтуға арналған іс-шараларды насиҳаттау
 - Отбасы мәртебесін арттыру және нығайту, отбасы құндылықтарын қазақ ұлттық дәстүрлері рухында қалыптастыру
 - Әйел бейнесінің мәдени және рухани құндылықтарын дамыту

- Отбасылық құндылықтарды, еңбексүйгіштік пен жауапкершілікті насихаттау арқылы жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру
- Тарихи мұраны сақтау үшін ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу
- Қоғамды қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, ұлттық мәдениетті дәріптеу
- Ұлттық бірлікті сақтау, салт-дәстүрлер арқылы мәдениетті дамыту

II. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

- 2.1 Байқауға Ақмола облысының әр ауданынан бір қатысуышы - **25-35 жас** аралығындағы жұмысшы мамандықтағы жас келіндері қатысады
- 2.1 Байқауға қатысуға өтінімді **2025 жылғы 1 наурызға** дейін dvorec123@mail.ru эл.поштасына жіберу қажет
- 2.2 Әрбір байқауға қатысуышы өзінің деректерін, қысқаша мінездемесін және байланыс ақпаратын көрсете отырып, өтінімді (өтінім формасы - 1-қосымша) толтыруы қажет.
- 2.3 Байқауды ұйымдастырушы әлеуметтік желілерде, БАҚ-та және теледидарда жарнама жүргізу және байқау туралы ақпарат беру үшін байқауға қатысушылар туралы ақпаратты (оның ішінде фотосуреттерді) пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

III. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 3.1 Байқау «Көкшетау» мәдениет сарайының сахнасында өтеді (Ақмола обл., Көкшетау қ.).
- 3.2 Байқау 4 кезеңнен тұрады.

1 кезең – «Сәлем – сөздің анасы» - үміткерлер өрнекті сөз, көрікті оймен өздерін таныстырады. Келіндердің сөз саптауы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, киген киімі бәрі бағаланады (1-1,5 минут).

2 кезең – «Ұлағатты отбасы-ұлт құндылығы» - отбасы мүшелерімен қазақ халқының салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптарын негізге ала отырып театрландырылған қойылым көрсету (мысалы; келін шәй, шілдехана, тұсай кесу, бесікке салу және т.б) (2-3 минут)

3 кезең – «Берекелі қолдар» - шай құю рәсімі (шайді дұрыс құйып, қазылар алқасына ұсыну), «бешбармаққа» нан жаю.

4 кезең – «Өнегелі де өнерлі келін» - бұл кезеңде байқауға қатысушылардың шығармашылық қабілеті, ән салып, би билеу, қолөнер шеберлігі, көркем сөз оқу шеберлігі сыналады (3 минут).

- 3.3 Байқау қойылымдары фонограммамен (-1) немесе жанды музикалық сүйемелдеумен орындалады (фонограммалар USB флеш-жинақтауышта «mp3» форматында ұсынылады). Фонограммамен (+ 1) өнер көрсетуге жол берілмейді.
- 3.4 Барлық өнер көрсетулер көпшілік алдында өткізіледі.

IV. Үнділандыру

- 4.1 Байқау қатысушылары марапатталады:
- I орын: I дәрежелі лауреат дипломы, естелік сыйлық
- II орын: II дәрежелі лауреат дипломы, естелік сыйлық
- III орын: III дәрежелі лауреат дипломы, естелік сыйлық
- Барлық қатысушылар: Қатысушы дипломы, естелік сыйлық

V. Қаржылық шарттар

- 5.1 Шығыстар (жолжұру, тұру және тамақтану) жіберуші тараптың есебінен

Сіздің өтініміңді қутеміз және Сізben байқауда кездесуге куаныштымыз.

Мекен-жайымыз: Көкшетау қ., Ақана сері көш., 90,
«Көкшетау» мәдениет сарайы

e.mail: dvorec123@mail.ru

Instagram – [@kokshetaumadenietsaray_aqmola](https://www.instagram.com/kokshetaumadenietsaray_aqmola)

Facebook – Дворец культуры «Кокшетау»

Ресми сайт: <https://dkk.kz/>

Анықтама телефоны: +7 (7162) -52-37-36

1-қосымша

**«ӘДЕПТІ КЕЛІН - ОТБАСЫ КӨРКІ»
ЖАС КЕЛІНДЕР АРАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУФА
ҚАТЫСУФА ӨТІНІМ**

1.	Қатысушының аты-жөні	
2.	Туған күні, айы, жылы	
3.	Аудан, елді мекеннің атауы	
4.	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	
5.	Қысқаша мінездеме	
6.	Байқауда орындалатын бағдарлама	
7.	Байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы)	